

М.А. АЛПЫСБЕС

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Еуразиялық зерттеулер
кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы

**ТҮРКІ ТЕГІ ТУРАЛЫ ГЕНЕАЛОГИЯЛЫҚ АҢЫЗ-ӘПСАНАЛАРДЫҢ
Ю.А. ЗУЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕЛУІ**

Аннотация

Миләди жылсанаудан бұрын 4-3 ғғ. сақалардың ірі руларының одағы ыдыраған соң, олардың ескі жұртында усунь, қаңцзюй, алан сияқты қауымдар, жаңа елдер қалыптасты. Ірі жылқы шаруашылығын игеру, соған байланысты қалыптасқан көшпелі тұрмыс, оның әлеуметтік негізіне айналған рулық құрылым ж.б. алғышарттар ерте дәуірден түркілердің мемлекет институтын ұйымдастыруға негіз болды. Сондықтан бұлардың да әлеуметтік құрылымы рулық негізде ұйымдасқан еді. Қытай жылнамалары бұл халықтардың келбеті туралы, олардың елдігі, патшалары туралы біршама мәлімет сақтаған. Түркілердің этногенеалогиялық аңыздарын көрші ел жылнамалары жақсы баяндайды. Зерттеушілер көп пайдаланған қытай деректемелерінің ең танымал үлкен жинағы негізінен Н. Бичуриннің хаттаған аударма кітабы еді. Сонда айтылған деректерден **ертеден-ак** усуньнің атамекені Жетісу өлкесі екенін білеміз.

Кілт сөздер: тарих, деректану, аңыз, генеалогия, ежелгі дәуір, шежіре.

Ключевые слова: история, источниковедение, генеалогия, древность, шежире.

Keywords: history, source study, genealogy, ancient world, shezhyre.

Көне дәуір тарихын зерттеу ісінде деректерді жан-жақты саралау, оны кешенді түрде қарастыру маңызды. Ю.А. Зуевтің «К вопросу о реконструкции звучания имен, титулатуры и топонимов в языке усуней» деп аталатын мақаласында, усуньдердің сөйлеген тілі жайында әртүрлі зерттеушілердің пікірлері сараналады, зерттеушінің өзі олар түркі тілінде сөйлеген деген көзқарасты қолдайды. Осы мәселеге қатысты қытай деректеріндегі сақталған ұғымдарды жер-су, лауазым, адам аты үлгілерін талдап, салыстырма зерттеу жасайды. Бұл мәселенің қазірдің өзінде өзектілігін жоймағандығы, қазақ тарихы тым көне етіп көрсетіледі (удревнение истории) дегендей әлі де айтылып келе жатқан кертартпа көзқарастың болуымен байланысты. Ал жоғарыда аты аталған Ю.А. Зуевтің мақаласында, осы заманның қытай тарихшысы Чжан Си-мань, усуньдер ертеде болған қазіргі қазақтың өзі деген пікірін келтіреді.

Академик Ә.Х. Марғұлан қазақты сақа, ғұн, үйсін тайпаларының этностық тұрғыда тікелей ұрпағы дей келе, ғұндардың рухани тіршілігі ескі қазақ тайпаларының ойлауымен бірдей болғанын, олардың тарихи дәуірде жасаған көп тайпалары мен қоғамындағы әлеуметтік құрылысы кейін қазақ ортасында да сақталғандығын, ескі қазақ шежірелері сонша кең таралып, Еуропадағы германдардың да қария сөздерінде орын алатындығын жазған (Марғұлан, 1985, 36-40 бетте).

Орталық Азияның ерте ортағасырлық тарихын этногенетикалық, экогеографиялық жағынан танып білу аса күрделі, әсіресе қауым мен мемлекеттің дамуындағы политогенез, культурогенез, идеогенез құбылыстарын дұрыс түсіну мақсатында ертеде әртүрлі тілдерде сөйлеген әрі өзара біршама алшақ тұрған халықтардың мифологиялық жүйелері ұқсас болу себебін анықтау маңызды. Мұндай ойға Ю.А. Зуев Махмұт Қашқари еңбегінде көп ғасыр бұрын айтылған миф түріне айналған хикаяларға назар аударған соң келеді. Осындай ерекше сипаттағы ақпарат кездескен соң, Ю.А. Зуев өз зерттеуінде түркілер тарихын олардың басты ірі рулар ұйымы ретінде қалыптасқан Юэчжи, Усунь, Канцзюй сияқты мемлекеттеріне қатысты тарихи материалдарды салыстырмалы түрде талдауға алады. Юэчжилердің мұралары Пазырық обаларында сақталған.

Көне түрік генеалогиялық аңыздарын түрік тарихын зерттеу дерегі ретінде қарастырған ғалым Ю.А. Зуев, көне қытай деректерінде сақталған түріктердің мифтік сюжеттерін талдау арқылы түріктердің әлеуметтік-генеалогиялық жүйесіне байланысты әртүрлі ұғымдардың, наным-сенім мен діни, мифологиялық деректердің негіздерін ашуға қол жеткізді (Зуев, 1957). Ю.А. Зуев өз зерттеулерінде жасаған осы тұжырымдарын кейінгі қазақ шежіре мәтіндерінде сақталған ескі мифологиялық, терең астарлы ұғымдарды түсіндіріп, тәпсірлеу амалдарына қолдануға болады (Зуев, 2002).

Біздің ізденістеріміздің өзегі шежірелік дәстүр, шежіре деректері болғандықтан, соған қатысты зерттеушілердің айтқан пікірлерін айналып өте алмаймыз. Шежіре ерте дәуірлерден қалыптасып жалғасқан түркілердің рухани, әлеуметтік-мәдени құбылыс болғандықтан, оның тамыры Орталық Азия халықтарының тарихтың ерте көшпелі өркениет қалыптасу уақытында, тіпті оған дейінгі дәуірде пайда болған дүниетанымдық әрі идеологиялық жүйелеріне кетеді.

Шежірелік деректердегі тәңірлік дүниетаным белгілері айрықша көрінеді. Шежірелер **қоғамдық**, әлеуметтік, мәдени және **адамдық** құбылыстарды тәңірлік тұрғыдан да, ислам тұрғысынан да тәпсірлеп, баға беріп, санаға қабылдатты. Бұлар қосыла келе шежірелерде көрініс табатын қазақ дүниетаным компоненттеріне айналғаны аңғарылады.

Ю.А. Зуевтің зерттеулерінде тарих үдерісін этномәдени сабақтастық желісі ретінде қарау ұстанымы бізге ұнайды (Зуев, 2001). Оның тарихи мәліметті ескідегі халықтардың тұрмысы, шаруашылық, материалдық мәдениетінен ғана емес, оларға тән мифология, сол уақыттың тарихи ой-сана құрылым тұрғысынан, дүниетанымы мен рухани әлемі, діни мағыналарын тарқатудан ізденіс етуі құптарлық. Әрбір халықтың, этностың өзіне тән генеалогиялық миф жүйесі бар деген пікірдегі Ю.А. Зуев сол мифтердің астары мен жалғастығын, жалпы идеологиясын талдаған (Қар.: Зуев, 1962).

Халықтық тарихи танымға тән қасиеттің бірі – синкреттік сана. Синкретті яғни аралас сананың белгілері әлеуметтік, этносоциалдық, тарихи, космологиялық, **табиғи**, географиялық,

мәдени, этникалық және туыстық (әулеттік) категориялардың өзара біте қайнасып кетуінде жатыр. Оның үстіне төл ұғымдарға жанама, сырткөз, жатжұрттық – түбі санскрит-үнділік немесе араб-парсылық категориялар да енген.

Ю.А. Зуев өз еңбектерінде саралап отырған мағлұматтарын қытайдың ежелгі, ортағасырлық тарихи жылнамаларынан алып отыр. Сондағы түркілердің ескі сөзі мифтік жанр күйінде жеткен, ал олардың жұмбақтап айтылған сөздерінің мән-мағынасын, мазмұнын, ой-пікірін мағынасы жағынан жіктеу арқылы ескі дәуір тарихының үрдісіне көз жеткізуге болады. Қытай жылнама деректері грек, **ұрұм** авторлары тарапынан айтылған араб, парсы тілінде жазылған еңбектердің мәліметімен дәйектеледі.

Шежірелік дәстүр бойынша, қазақтың қариялары ертеден сақталып келген қола дәуірінің тас қорған, обаларын «мықтың үйі» деп көрсетеді. Мық дегені – христиан мифологиясындағы гог-магог халықтары, мұсылман мифологиясындағы яджуж-маджуж – мажуси – тас-пұттарға табынушы, будда дінін ұстанушы халықтар. Қазақ жерін мекендеген түркі рулары арасында ертеден тотемдік наным түсініктері (киелі орындарға тәу ету), зәрдеш (Заратустра насихаты, күнге, отқа сыйыну дәстүрі), будда, несториан дүниетаным ұстануы да орын алған. Қ. Халид «Орал тауына дейін біздің жерлеріміз төбелерге (қорым) толы ... Меніңше, бұл төбелер аңыздарда айтылатын, «муғ трса» қауымның белгілері болар, қазақ оны «Мұқтың үйі» деседі, яғни асылы Нух дегені болады» деп жазады (Халид, 120 б.).

"Насаб-нама" нұсқалары да ежелгі Тұран жерін мекендеген халықтарды діни сеніміне қарай мұғтар және тарсалар/несториандықтар деп екі топқа бөледі. Көне мұсылман әдебиеттерінде мұғтар деп зороастра дініне сенушілер мен оның әртүрлі тармақтарын ұстанушы халықтарды айтқан: «Олар жетпіс түрлі қауымға бөлінеді. Олардың сегізі сақталған: кайумарсийа, зарванийа, зарадуисийа (зороастра халықтар), санавийа (дуалистер), манавийа (манихейлер), маздакийа, дайсанийа, йаркайунийа. Әсіресе Сыр бойында осы аталған қауымдардың ішіндегі зороастралықтар көбірек болғанын қазіргі табылып жатқан археологиялық жәдігерлер дәлелдеп отыр. Мысалы, қыштан жасалған заттардағы қой, арқар мүйіздері суреттер соның айғағы» (Жандарбек, 2002). Ю.А. Зуев манихейлер тарихын да жақсы зерттеген.

Грек авторлары сақалардың, массагеттер туралы – «Олардың салт-дәстүрлері мынадай: <...> ішетіні қымыз. Сиынатын құдайы тек *К ү н*, оған олар жылқы сойып құрмалдық шалады. Мұндай әдеттің себебі сол, олардың түсінігінде *К ү н* тәрізді жылдам құдайға тек жылдам шаба алатын жылқы малын құрмалдыққа шалу лайық» деп баяндайды. Міне, Геродоттың жазып отырған бұл дерегі бұрынғы түркі, қазіргі қазақ дәстүрімен бір жобада. Қазақтың тілек сөзінде «құрбандыққа шалғаның Қияметте пырақ болсын» дегені де осы дәстүрдің айқын мысалы.

Көне тарихқа қатысты шежірелік мәліметтердің өз бойында екі түрлі ықпалды байқатады, оның біреуі дәстүрлі далалық дүниетанымдық түсініктерден бастау алса, екіншісі ислам арқылы келген көне тарих туралы мұсымандық іліммен байланысты. Ислам келмей тұрған мезгілде түркілердің тәңіршілдік көзқарас ұстанымдары берік болғанымен, ол уақытта да олардың бір бөлігі будда, несториан, манихейлік сияқты басқа

діндердің ықпалын көрді. VII ғасырдан бері ислам келгеннен соң түркілердің басым бөлігі тұтастай бір ислам дінін ұстанды.

Көптеген шежіре нұсқаларында бұл екі бастау өзара үйлестіріліп, әлем мен адамзат жаратылысы біртұтас құрылым іспетті көрініс табады. Ислам дәріптеген адамзаттың жаратылуын түсіндіретін түп-тегі туралы сюжет қазақтың кейінгі шежірелік мәтіндерінің бәріне, сондай-ақ ортағасыр араб-парсы деректемелеріне ортақ болып табылады. Мұсылмандық концепция бергі уақыттың идеологиялық құрылымы, ол көбінесе Алтын Орда және одан бергі уақыттағы түркі халықтарының тарихына қатысты.

Ислам діні келген уақытта бұдан да басқа әртүрлі синкреттік мағынадағы, түсініктері аралас келген діни ағымдар қалыптасқан. Ал Ю.А. Зуевтің зерттеп отырған тарихи дәуірі исламға дейінгі мезгілдегі ахуалды білдіреді. Бұл уақытта әлі де арғыдан келе жатқан көне түркілік киелілік ұғымдар сақталып тұрған мезгіл. Мифологиялық дүниетаным шеңберінде қалыптасқан Тәңірі мен Бай ана бейнесі, Ай мен Күн, абыздар, диуаналар, батырлар тұлғасы шежірелік аңыз әңгімелерінің өзегіне айналған. Шежірелердегі тарих яғни уақыт өлшемінің өзі де мифтік уақыт жүйесіне сай келеді.

Шежірелерде сақталған ескі тарихи-мифтік сюжеттер саясат, билік тәртібі ғарыштық билік тәртібіне, әділдікке, ал саяси рольдерді ғарыштық принциптерден шығарып түсіндіреді, заңдастырады. Уыз хан билігінің шығу тегі жайында осы тұрғыда талдау жасалуы керек. Соны іске асырып отырған Ю.А. Зуев, юэчжилер мемлекетіндегі басқару, ішкі билік қарым-қатынастары ай-күн үлгісінде болғанын айтады (Зуев, 2002, 19 б).

Ю.А. Зуев Юэчжи атауындағы алғашқы юэ қытай таңбасы – ай мағынасын білдіреді деген. Айға қатысты түркілердің наным-сенімдері қазақта сақталған. Шоқан Уәлиханов: қазақ бұрын жаңа туған айды көргенде үш рет тізерлеп отырып, үш рет еңкейіп мінажат етеді де, сол мінажат еткен жерден шөп жұлып алып, жанып жатқан отқа тастайды екен, – деп еңбегінде жазған (Зуев, 2002, 19 б). Бірақ кейбір синолог зерттеушілер юэ – ет мағынасын білдіреді, сондықтан юэчжи – ет жейтін халықтар деген мағынадағы этноним деген пікір білдірген.

Алтын, яғни күн символына байланысты мифтік құрылымды сақа патшаларының билігінің пайда болу жолдары жайында ізденіс етуге де болады. Ғарыштық символдар – Ай, Күн, Жұлдыз – патша балаларының есіміне айналдырылады. Патша билігінің Алланың жарлығымен орнағандығы шежірелерде осындай тәпсір ету үрдісінің мысалы (кұт, тәңірқұт: құт дарыған, т.б.). Шежіре дәстүрі ерте замандарда, байырғы түрік дәуірінде де, ортағасыр қарахандар заманы, кейінгі қазақ хандығы тұсында да діни түсініктерімен байланысты дамыды.

Сөздердің жеке мағынасы туралы көп ізденіс еткен Ю.А. Зуев, У с у н ь атауын қытай таңбаларында берілген үлгісінің кескінделу ерекшелігін саралай келе, оның астарында иран сөзі - а с м а н деген мағына естілетінін айтады. Асман, яғни аспан, көк. Түркілерде көк ұғымы Тәңір мағынасына тең болғаны тарихтан белгілі. Осыған дәлел болатын тағы бір мысалды ол қытай жылнамаларында усунь ма, яғни аспандағы аттар (жылқылар) – пырақ, Сыма Цянь кітабында айтылатынын келтіреді. Птолемейдің еңбегінде асман деген халық болғаны айтылатынын да алға тартады.

Дегенмен, ұсун алтай тілінде *тоғыз* деген сан есімін білдіреді. Салыстырайық: моңғол тілінде *найман* – сегіз, *арбын* - төрт, *табын* – бес деген сандарды білдіреді. Ал түркі-моңғол халықтарының ертеде шығу тегі бір, бәрі де ғұн ұлысының жұрағаттары болып келеді. Бұл жағдайды тарихтан анық байқап білеміз. Сондай-ақ қазіргі қазақ құрамындағы ру одақтарының аты арбын, табын, найман, усун сияқты сан есімдерге ұқсас атауларды қамтуы, ескіше, яғни ғұн дәуірінің (ғұнның 12/24 ру одағы) әскери-саяси ұйымдардың қалдығы деп танып-білуге болады.

Ю.А. Зуев, сондай-ақ, у с у н ь аты қытай иероглифімен таңбалануын мағыналарын П. Даффин деген зерттеуші ашуға ұмтылғанын айтып, ол у-сунь таңбасын «қарғаның ұрпақтары» деп оқығанын айтады. Бұл да, әрине, бір долбар. Дегенмен түркі халықтарының тотемдер номенклатурасында «қарға» да бар екенін ескертеді. Қарға туралы киелілік ұғым да Күн бейнесімен байланысты болғанын айтады.

Түркілердің мұндай мифтік сюжеттеріне ұқсас үлгіні бергідегі қазақ шежірелерінен де кездестіруге болады. Арыс бойында әулиелер жатқан киелі орындар – Лашын баба, Қарға баба, бұлар Арыстан бап мазарында. Құсбегілік дәстүрі түркілерде ертеден бар. Шыңғыс хан руларға таңба, соғымнан мүше ұстату ретін үйлестіргенде құс пен ағаш түрлерін де үйлестірген екен. Бұл дәстүр де ежелгі түркілерден жалғасқан. Қазақ шежірелерінде көне тарихи дәуірлер туралы түркілік және оған дейінгі ескі дүниетанымдық түсініктердің қалдықтары сақталынуы, шежірелік тарихи таным ерте замандардан бастау алатындығын осы мәліметтер анық көрсетеді.

Шежірелер дәстүрлі қоғамның білім институты ретінде дүниетанымдық қызмет атқарғанын дерек мәтінінде жиі кездесетін ерекше сюжеттер көрсетеді. Шежіре осы мақсатта қалыптасып, сол мақсатқа жауап берерліктей сыртқы формасы жағынан да түрлі қалыпта болған. Шежірелердегі сюжеттік құрылымдардың терең мазмұнында қазақ дүниетанымы туралы тарихи түсініктер де сақталған. Солардың ішінде әлі толық шешімін таппаған мәселенің бірі үш жүз құрылымы, оның қалыптасуы себебі, пайда болған мезгілі, оның қоғамдық, әлеуметтік-саяси мағыналарымен байланысты.

Мифтік құрылымдарда айтылатын түсіндірулер қазақ шежірелеріндегі үш жүздің енші алысуы, немесе моңғол шежірелеріндегі Шыңғыс ханның төрт ұлына ұлыс үйлестіру туралы тарихтың сыртқы көріністерін суреттеуіне жақын. Мысалы, үш жүзге қатысты атауды Ю.А. Зуев үлгісінде былай тәпсірлеуге болады. Бұған дейін көптеген зерттеушілер *ж ү з* сөзінің мағынасын, шығу тегін әртүрлі түсіндіріп келді. Қазақ шежірелерінің өзінде бұл туралы бірнеше түсіндіру үлгілері келтірілген. Шежірелердің түзілуіне кожа әулеттерінің қатысы болғандықтан, оның мағынасы арабша *ж ү з ә*, яғни «бөлік» мағынасынан шыққан деп те айтылады. Дегенмен бұның ескіше мағыналарын іздеу салыстырма үшін де, долбар жасауға да қажет.

Қазақ шежірелерінде жүздердің атаулары – *Ақарыс/Үйсін/Ақшора/Ақкелімбет, Жанарыс/Арғын/Жаншора/Қаракелімбет* және *Бекарыс/Алиын/Бекшора/Сарыкелімбет* ұғымдарымен байланыстырылады. Бұл жүздік құрылымның төрт түрлі үлгіде кездесуінің өзі төрт түрлі тарихи дәуірді өткергендігін байқатады. Ақарыс сөзіндегі *ақ*-тың түпкі мағынасы географиялық сипатта айтылатын сияқты, яғни *ақ* түркілерде шығыс (ал қытайларда – батыс) бағытын білдіреді. Ал *арыс* сөзінің түпкі мәнін қазіргі моңғолдың,

халхалардың тілі сақтаған. Моңғол тілдерінде *арыс* күйінде айтылатын сөздің қазақша мағынасы *нәсіл, ұрпақ, буын*. (Мысалы, «Алты/жеті арыс Орта жүз», «Он төрт арыс Қоңырат») Мұны сөздіктен байқаймыз. Қазақтағы *ұрпақ* сөзі *ұрұғ, ұрық (ұрұғ бағы)* мәнін білдіреді. Ал *арыс* дегеніміз де *ұрпақ* деген сөз.

Қазақ шежірелерінде Ақарыс есімі генеалогиялық таксоном, қазақтың бір бабасы ретінде бейнеленіп, үш жүз жерін құраған қазақ халқының Ұлы жүздің ортақ аты ретінде айтылады.

Бұл сөзді жіктеп талдайтын болсақ, *Ақарыс* сөзі *ақ* және *арыс* сөздерінен құралғанын байқаймыз. *Ақ* сөзінің мәні белгілі. Тікелей мағынасы *ақ* сөзі *ақ* деген түсті білдіретін болса, оның ауыспалы мағыналары сапалық, географиялық, үлкенді-кішілікті білдіретін жас шамасын, шығу тегін, ахиреттік, адалдық, тазалық, тегі туралы айтылатын діни мағыналарды да қамтиды. Мысалы, Қарахандар әулеті басқарған ортағасырлық мемлекет, хандық болған.

Ақарыс дегеніміз шығыс бөлігінде тұратын тұратын тумаларды білдіретін сөз. Ұлы жүз Ақарыс пен қатар Орта жүз – Жанарыс және Кіші жүз Бекарыс есімі (таксоном/атау) аталады. Алайда бұл арада, *бек* және *жан* сөздері түстік, географиялық мәнде емес екені көзге түседі. Дегенмен Орта жүз Жанарыстың баласы Қарақожа делінеді. Сары үйсін – Ақарыс Ұлы жүзде. Дегенмен, шежірелерде Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс атауларының баламасы ретінде Қаракелімбет, Сарыкелімбет, Ақкелімбет деген атаулар да бар.

Шежірелік танымда адам есімдеріне жалғанып қайталана түсетін біркелкі сөздер: *ақ, кара, сары, арыс, шора, бек, жан, сопы, әли/ғали, қожа, бай*. Осы *ақ, жан, бек, қара, сары* категорияларын біркелкі семантикалық қатарға тізіп сырын ашуға ұмтылсақ, мынадай мән-мағыналармен байланыстылығын байқаймыз: *ақ – үлкен (ақсақал), адал, таза, шыншыл, әділ; жан – ар, рух, қан, ұят, іш(кі) жақ (орта тұсы), дүние, кісілік, мәні, маңызы, аянбаушылық (жанын салу), айбар, ызғар (жан беттетпеу); бек – бедел, бекем, беріктік, мықтылық, нақты, нағыз, нық, қатты, әкім; қара – күш, көпшілік (халық), мұра (қара шаңырақ); сары – кең*.

Мысалы *ж ү з* деген ұғымды алайық. Ежелгі Тұран, одан бергі Түркі ұлыстары, тіпті қазіргі кездегі түркі елдерінің өзі Еуразия далаларының аса ауқымды, кең жатқан аймақтарын, нақты айтқанда Қара теңізден Қиыр Шығысқа дейінгі аралықты алып жатыр. Соның орта шенінде *Ұ л ы Д а л а н ы ң* өзі жатыр. Оның геометриялық жалпы көрінісі үлкен үшбұрыш болып келеді. Өзі де өз алдына бүйірі теңсіз келген үш түрлі үшбұрыштан құралған. Үштік категория түркілік дүниетанымға, оның *к ө к – ж е р – ж е р а с т ы* сияқты әлем түсініктеріне сәйкес келеді. Көне уақыттан бері сол Даланы үш бөліп айту жер ыңғайын білу, ірі әлеуметтік-саяси, мемлекеттік құрылым болып өзара реттелу үшін күнделікті қажет географиялық танымға, сауда-шаруашылық, алым-салық, әскери ұйым жасақтау тұрғысында керек болды.

Сол далалық кеңістікті үш бөліп жатқан өзен-су, тау-қыраттар мен шөлді алқаптар сияқты межелері өз бетінше табиғи қалыптасқан. Адам баласы оны өз ыңғайына келтіріп үш түрлі дала кеңістіктері ретінде қабылдаған.

Даланың аса ауқымды, бірақ шөлейтті жерлері – шығыс бөлігі. Тарихи және этносаияси жағынан оны Шығыс Түркістан деп атаймыз. Байырғы Үйсін жасаған, шығыс түркілерінің хақандары мекен еткен, найман мен керейлердің мемлекеттерінің іргесі қаланған жерлер. Дәстүрлі географиялық атаулар тұрғысында бұл Жетісу жері. Жетісу өлкесінің өзі Үлкен Жетісу және Кіші Жетісу сияқты екі ірі өлкеден құралады. Бұның Үлкен Жетісу аймағы бүгінгі географияда Жоңғар жазығы деп аталады, ол қазіргі ҚХР-дің жер көлемі жағынан ең көлемді (1 743 мың км) аумақтық-әкімшілік бірлігі болып табылады (2010 ж. халқы 21 млн болған). Сол аумақтың ішінде Іле-Қазақ автономиялық облысы, Алтай қазағы округі бар.

Балқаш-Алакөл қазаншұңқыры қазақта *ой жайлауы* деп аталған. Алатаудың батысына аққан жеті өзен мен шығысына аққан жеті өзенді *жеті су* атаған. Оның Балқашқа құятын – Іле, Қаратал, Биен, Басқан, Ақсу, Сарқан, Лепсі – жеті өзені жер аумағына қарай Кіші Жетісу. Алакөлге құятын жеті өзен: Үржар, Қатынсу, Емелқұйса, Ырғайты, Жаманөткел, Тентек (Жаманты), Тасты. Жетісудың қазағы қыстақ жерлері, көші-қон бағыттары да әр қилы, бірақ бірқалыпты болған.

Жетісуда Күрті мен Балқаш аралығын алып жатқан сары үйсін, ботпай, темір аталары қой малын Тауқұмда паналататын болған. «Алатаудың шығысында аққан жеті өзен бар Лоб көліне барады, оған да «жеті өзен» деп қазақ ат қойған», «біреулер Аягөзді «жеті өзенге» қоспақ болады, ол дұрыс емес, Аягөз Арқаның суы», – дейді қазақ тарихшысы Қ. Халид. Лоб көліне құятын өзендер: Қара шаһар (Қашғар, Қызылсу), Ақсу, Қотан, Жаркент, Тарим өзендері, Қоныш-дария, Шершен-дария дейді. Тарым, Қотан, Ақсу, Қонышдария, Урунгу, Манас (Жоңғар жеріндегі), Қобда, Забхан – осы өзендерінің бәрі тау мұздақтарының сулары. Тарбағатай – Жетісу Алатауының шығыс бетінде жатқан жерлер – Үлкен Жетісу. Осы екі түрлі жеті өзен өлкесінде *Жетісу* орналасқан.

Үлжүз, яғни – Үлкен дала кең байтақ жері, қос *Жетісу* аймағын алып жатыр. «Жетісуда Үйсін бар» (Бұқар жырау). Зерттеуші топонимист Ж. Досқараев *жүз* сөзінің этимологиясын талдай келе, оның *түз*, *дүз* сөздерімен байланысын айтады. Қазақ тілінде *д/ж* дыбыстары алмасады. Ескі уақытта бұрынғы этнотоптар үш жаққа бөлінеді, *жүз(дүз)*, *түз* сөзінің қолданылуы, соған байланысты дейді ғалым. Сондай-ақ, *дүз/түз* – *дала жақ*, *сахара* мағынасын білдіреді. Мысалы: «*дүзде жүрген дуадақ, көл қадірін не білсін*» (Асан Қайғы) дейді. Алайда, *жүз* сөзі *түз/дүз* сөзіне әлдеқайда жаңасымды. Әлемді де *Жер жүзі* дейміз.

Орта жүз деген ұғым да, алдымен географиялық кеңістік мағынасын, одан кейін этномәдени сипатын қамтиды. Шаруашылық тұрғысынан Жетісу өңірінде қазақ жұртшылығы арғы заманалардан-ақ төрт түлік мал түрін өсірген, оның ішінде қой мен түйе шаруашылығын дамыту, жер ыңғайына қарай тиімдірек болған. Орта жүз немесе Орта Дала – Арқа жері мен Жиделі Байсын.

Арқа мәні – қыратты дала. Мәшһүр Жүсіп деректерінде Сарыарқа жері Ертіс пен Сыр, Жетісу мен Орал аралығы айтылады. Ғұлама Қ. Халидтің түсіндіруінше, «Арқа» деп жануардың мүшесінің үстіңгі бөлігін айтады, сондай-ақ жердің жоғары жерін де "арқа" дейді. Ю.А. Зуев *алаша* сөзі *арқа* ұғымына жақын дейді. Қ. Халид Арқаның да екі Жетісу сияқты жері екі бөлік екенін айтады. Обь өзені мен Ертіс өзені аралығы, қазақтың

Құлынды даласы және соның айналасы – *Сол Арқа* аталған. Көне түркілердің қадір тұтып сыйынатын киелі заты *К ү н* болған соң, олар жер ынғайын бет жүзін күншығыста бағыттап сөйлеген. Арқаны қақ жарып аққан түркілердің ұлы өзені Ертіс. Ертістің оңтүстік және батыс жағын *Оң Арқа* атаған. Қазір біз қолданатын орыс ғылымына тән географиялық таным бойынша, Ертіс өзенінің сол жақ беті. Өзеннің ағысына қарай. Сол Арқаның ең шығысы – Алтайдан бастау алып, Ертіс өзенінің басын құраған Қаба, Буыршын, Қалжыр (Қыран). Қалжыр өзені 27 бұлақтан құралатын Марқакөл бастау алады. *Оң Арқа* жерінің өзен-суларын Сауыр, Сайқан тауларынан аққан Кендірлі, Теректі, Темірсу, Жеменей, Үйдене сияқты бірнеше ұсақ жылғалары және Тарбағатайдың солтүстігінен ағатын Теріс Айрық, Қарбуға, Базар, Боғас, Ласты Шорға, Аягөз сияқты өзендері құрайтыны белгілі. Ақшәулі биігі Абылай заманындағы шежірелерде, жыр-толғауларда былай айтылады:

Қалмақты шапқан шулатып,

Ақшәулінің өрінен.

Қоныс қылған найманға.

Бәрін қуып жерінен,

Батырың өтті Бөгембай! (*Бұқар жырау*)

Алакөл мен Балқаш Жетісуға жатады. Тоқырауын, Жәмші, Өлеңті, Шідерті, Сілеті, Есіл, Нұра, Сарысу өзендері – Арқаның ең басты, суатты жерлері. Арқаның ең батыс өзені Ор (332 км). Мұның құйылған жерінен төмені Арқаға есептелмейді. Ертіс өзенінің Обь өзеніне құйған жерінен төмен ағысы бойындағы жерлер Арқа жеріне жатпайды. Сонымен Обь өзенінің құйылысы, Алтай тауынан бастап, Орал тауына дейін, оңтүстігінде Бетпак дала шөліне дейін жетеді. Сарыарқа мен Бетпак дала, Қаратау (ұзындығы 420 км, ең биік жері Бессаз) мен Сыр бойы жерінде көне уақыттардан қалыптасқан көш жолдарының ізі бар.

О р т а ж ү з қазағы қыс мезгілінде Жиделі Байсын – Мырзашөл, Нұрата, Бұқара, Сыр бойын пана етсе, көктемнен ақ Бетпак даланы көшіп өтіп жаз мезгіліне Сарыарқаның кең даласына шығатын болған. Сол Арқа жерлеріне қыс уақытына мындаған үйір жылқы малын шығарып төлдететін болған. Қазақтағы жылқы малының басым бөлігі *О р т а Д а л а* да, осы Арқаның кең жерінде жетіліп өскен. *О р т а ж ү з* – Орта Даланың шаруашылыққа аса қолайлы тұсы – жылқы малы үшін кең әрі өрісі мол жер болуында. Аумағы жағынан қос Жетісу аймағынан сәл де болса кем келеді.

К і ш і ж ү з немесе Кіші Дала. Оның жері де екі бөлік. Оңтүстік жағына – Тұран ойпатының батыс бөлігі – Сырдария бойындағы Қызылқұм сахарасы (әрі барса Қарақұм), Арал маңы, Маңғыстаудың аласа таулы өлкесі, Торғай үстіртінің батыс бөлігі, Үстірт аймағы түгел кіреді. Солтүстігі мен батыс жағына – Мұғалжар тауы, Атырау, Жайық (2428 км), Жем (Ембі, 712 км), Ойыл, Қиыл, Елек, Темір, Ор өзендерінің аралығы.

К і ш і жүз – К і ш і Д а л а алқаптарының басым бөлігі құм, сахаралы шөл дала. Кіші сахараны мекен еткен қазақ көктемде Қаракұмға, одан маусым соңында батысқа бет алып, Ырғыз бойын, Торғай жазығына көшіп отырған. Қазалының қазағы Ырғыз арқылы Орға жетіп, қыстық жайылымға малға суға жақын ыңғайлы жерді таңдаған. Қызылқұмнан Сырға, одан әрі Ұлытау мен Кіші тауға қой малын жайып отырып көшкен. "Ерте уақытта Кіші жүздің қазағы жазда Орынбор түбі мен Мұғалжар тауларында жайлап жүрсе, қыста Сыр бойында Қаракұм мен Борсық құмда өткізетін. Орта жүз қазағы бір жаздың ішінде Семиполат түбінен Троицкіге барып және кейін оралып үлгеретін", – деп Шоқан жазған.

Байқап қарасақ, халықтың бір атаның баласындай ынтымағы жарасымды болуын көздеген қазақ қариялары өткен тарихта ата-баба тегінің таратылуын баяндауда әр нәрсеге туыстық (генеалогиялық) мағыналар беріп, кәдімгі ата-баба мен жекжат-жұрағат арасындағы бір тума байланысын көрсетуден әрі барып, қазаққа мекен болған ата жұрттық жер атаулы ұғымдардың өзін туыстық түсініктермен біртекті қылған. Бұл жағдай бір себепті тарихи санада ұлтты үнемі ұйыстыруға, арасында бірлік болуына бағытталған идеологиялық тәсіл ретінде қабылдауға болады.

Қорыта айтқанда, түркі өркениетінің құндылықтарын тануда Ю.А. Зуев ұстанған зерттеу тәсілдері түркілік мифология, этногенеалогия сияқты шешімі күрделі мәселелерді қарастыруда оң нәтиже береді. Бұл әдістерді шежірелік мұраларының мағыналарын ашуға қолдану үшін де маңызды. Сондай-ақ мәдениеттану ізденістер ертедегі түркілер мен қазақ әдет-ғұрпы, мәдениеті, әдебі арасындағы сабақтастықты анық байқатады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕК КӨЗДЕРІ:

1 Марғұлан, 1985 – Марғұлан Ә. Х. Ежелгі жыр, аңыздар: ғылыми-зерттеу мақалалар / Құраст. Р. Бердібаев. – Алматы, 1985. – 368 б.

2 Зуев, 1957 – Зуев Ю.А. К вопросу о языке древних усуней // Вестник АН КазССР. 1957. № 5. С. 61-73.

3 Зуев, 1960 – Зуев Ю. А. «Тамги лошадей из вассальных княжеств». Перевод сочинения VIII-X вв. Тан хуэйяо. – Т.3. Цз. 72 // ТИИАЭ АН КазССР. Т. 8. - Алма-Ата, 1960.

4 Зуев, 1962 – Зуев Ю.А. Из древнетюркской этнонимии по китайским источникам // Вопросы истории Казахстана и Восточного Туркестана. – Алма-Ата, 1962.

5 Зуев, 1972 – Зуев Ю. А. "Джами' ат-Таварих" Рашид ад-Дина как источник по ранней истории джалаириков // Письменные памятники Востока. Историко-филологические исследования. – М., 1972.

6 Зуев, 1998 – Зуев Ю.А. О формах этносоциальной организации кочевых народов Центральной Азии в древности и средневековье: пестрая орда, сотня (сравнительно-типологическое исследование) // Военное искусство кочевников Центральной Азии и Казахстана (эпоха древности и средневековья). – Алматы, 1998.

7 Зуев, 2001 – Зуев Ю. А. Кыпчакский Урбе-хан в эпосе и истории // Древнетюркская цивилизация: памятники письменности. Алматы, 2001.

8 Зуев, 2002 – Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 338 с.

9 Халид – Халид Қ. Тауарих хамса Шарки. (Бес тарих). – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б. – 120 бетте.

10 Жандарбек, 2002 – Жандарбек З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 168 с.

11 Валиханов – Валиханов Ч.Ч. Киргизское родословие // Собр. соч. в 5-ти томах. – Алматы, 1984. – Т.1. – 432 с.

SPISOK ISPOL'ZOVANNYH ISTOCHNIKOV:

Margulan, 1985 – Margulan A. Kh. Ezhelgi zhyr, anyzdar: gylymi-zertteu maqalalar / Qurast. R. Berdybaev. – Алматы, 1985. – 368б. – 36-40 бетте.

Zuyev, 1960 – Zuyev Yu. A. "Tamgi loshadey iz vossal'nych knyazhestv". Pervod sochineniya VIII-X vv. Tan chueyyao. - T.3. Zzyu 72 // TIIAE AN KazSSR. T.8. - Alma-Ata, 1960

Zuyev, 1962 – Zuyev Y.A. Iz drevnetyurkskoy etnonimiki po kitayskim istochnikam // Voprosy istorii Kazachstana i Vostochnogo Turkestana. – Alma-Ata, 1962

Zuyev, 1972 – Zuyev Y. A. "Dzhami' at-Tavarich" Rashid ad-Dina kak istochnik po ranney istorii dzhalaurov // Pis'mennye pamyatniki Vostoka. Istoriko-filologicheskie issledovaniya. – M., 1972

Zuyev, 1998 – Zuyev Y. A. O formach etnosozial'noy organizazii kochevykh narodov Zentral'noy Azii v drevnosti i srednevekov'e: pestraya orda, sotnya (sravnitel'no-tipologicheskoe issledovanie) // Voennoe iskustvo kochevnikov Zentral'noy Azii i Kazachstana (epocha drevnosti i srednevekov'ya). – Алматы, 1998

Zuyev, 2001 – Zuev Yu. A. Kypchakskiy Urbe-chan v epose i istorii // Drevnetyurkskaya zivilizatsiya: pamyatniki pis'mennosti. Алматы, 2001.

Zuyev, 2002 – Zuyev Yu. A. Rannie tyurki: ocherki istorii i ideologii. – Алматы: Dayk-Press, 2002. – 338 с.

Chalid – Chalid Q. Tauarich chamsa Sharqi. (Bes tarich) Aud. B. Totenaev, A. Zholdasov. – Алматы: Qazaqstan, 1992. – 304 б. – 120 бетте.

Zhandarbek, 2002 – Zhandarbek Z. «Nasab-nama» nusqalary zhane turki tarichy. – Алматы, Dayk-Press, 2002. – 168 с.

Valikhanov – Valikhanov Ch. Kirgizskoe rodoslovie // Sobr. soch. v 5-ti tomakh. – Alma-Ata, 1984. – Т.1. – 432 с.

Summary

Makhsat Alpysbes

Yu.A.Zuev and comparative researches of genealogical representations of Turkic Peoples

The scientific heritage of the orientalist Yu.A. Zuyev is hard to overestimate. His researches for the reconstruction of the historical reality and history of Turkic peoples in the ancient time and during the Middle Ages are of very great value. Especially his study on the question of the ethno-geography and the cultural-historical continuity is very complex and meaningful. Therefore, everything that we can find in the Zuyev's researches is the result of a deep experience and then it demands a corresponding careful attention. The focus of my paper is here directed to the comparative and descriptive study of the genealogical concept of the world outlook (Weltanschauung) of the Turkic peoples in the Zuyev's works; and besides of it, also to the understanding of Turkic history as a consecutive transformation of the cultural traditions and as a ideological continuity. Evidences from Chinese sources and authors find in its work an explanation in a ethnological way. Entertaining is also his experience of the interpretation of Chinese information about the historical geography of the Turks in the interpretative form of the

myths as a genealogical approach to the study of sources, according to their structure, meaning and the main essence of their contents.

Резюме

Алпысбес Махсат Алпысбесұлы

Сравнительные исследования генеалогических представлений тюрков в трудах Ю.А. Зуева

Научное наследие востоковеда Ю.А. Зуева, его исследования и выводы, ценны в реконструкции исторической действительности и истории тюрков в древности и средневековье. Особенно сложным в изучении является проблема этногеографии и культурно-исторической преемственности. Поэтому, все что мы находим в исследованиях Ю.А. Зуева представляет собой ценный опыт и требует к себе соответствующего внимания. Интересно сравнительно-описательное изучение генеалогической концепции мировоззрения тюрков в трудах Ю.А. Зуева, а также понимание истории тюрков как последовательной трансформации культурных традиции, как преемственность идеологии. Свидетельства китайских авторов находит в его работе объяснение в этнологическом ключе. Здесь представлен пример интерпретации сведений китайских авторов об исторической географии тюрков в форме истолкования генеалогических мифов как подход к изучению источников в соответствии с их формой, смыслов, сути их содержания.

Поступила 04.03.2013 г.